

Қазақстан Республикасы
нормативтік құқықтық актілерінің
ақпараттық-құқықтық жүйесі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты

Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірде № 153 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 сәуірде № 20449 болып тіркелді.

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күнінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зәң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қүнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Аймагамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

2020 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 21 сәуірдегі
№ 153 Бұйрықпен
бекітілген

Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тиісті типтегі және түрдегі білім беру үйімдары қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтердің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимін айқындау тәртібін белглейді.

2-тaraу. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау тәртібі

2. Жұмыс уақытының тәртіптемесін және демалыс күндерін беруді қамтитын педагогтердің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі білім беру үйымының қызмет режимін (білім алушылардың, тәрбиеленушілердің тәулік бойы болуы, олардың белгілі бір уақыт, маусым ішінде болуы, оқу сабактарының, ауысымдылығы және басқа да білім беру үйымы қызметінің ерекшеліктері ескерілетін жұмыс кестесі) ескере отырып айқындалады.

3. Педагогтердің жұмыс уақыты атқаратын лауазымына, сондай-ақ білім беру үйымдарының типі мен түріне қарай: оқу (оқытушылық), тәрбие жұмысын, білім алушылармен жеке жұмысты, лауазымдық міндеттерімен және (немесе) оқу-тәрбие жұмысының жоспарларымен көзделген ғылыми, шығармашылық және зерттеу жұмысын қамтиды.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес педагогтер үшін жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығына байланысты жұмыс уақыты белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 70-бабына сәйкес білім беру үйымдарының басшылары мен педагогтері арасында жазбаша келісім бойынша толық емес жұмыс уақыты белгіленеді.

Білім беру үйымының басшысы жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-ананың біреуінің (бала асырап алушының) жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді.

6. Толық емес жұмыс уақыты жағдайларында жұмыс істеу жұмыскер үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, еңбек, үжымдық шарттарда, келісімдерде белгіленген жыл сайнығы ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығын, еңбек өтілін есептеуде және еңбек саласындағы басқа да құқықтарын шектеуге әкеп соқтырмайды.

7. Құзғі, қысқы және көктемгі каникул уақыты, сондай-ақ кезекті демалысқа сәйкес келмейтін жазғы каникул уақыты білім беру үйымдарының педагогтері үшін жұмыс уақыты болып табылады.

8. Педагогтерге оқу жылы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыс істеген кезеңі үшін жыл сайнығы ақылы еңбек демалысы беріледі.

9. Кезекті еңбек демалысы және заңнамада көзделген басқа да демалыс түрлері еңбек заңнамасына сәйкес педагогтердің жеке өтініштері негізінде беріледі.

10. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту үйымдарында, үш ауысымды оқыту режимінде жұмыс істейтін және оқушы орны тапшы білім беру үйымдарынан басқа орта білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.09.2022 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Білім беру үйымдарының бес күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейтін педагогтер үшін демалыс күндері сенбі және жексенбі болып табылады.

Үш ауысымда оқытатын білім беру және оқушы орны тапшы білім беру үйымдарында алты күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейтін педагогтер үшін демалыс күні жексенбі болып табылады.

Тәрбиеленушілер үшін шарттық негізде қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін іске асыратын мектепке дейінгі үйымдардың басшылары мен педагогтері үшін жұмыс уақыты мен демалыс режимі ішкі тәртіп қағидаларында белгіленеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.09.2022 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Каникул уақытында алты күндік жұмыс аптасы бойынша жұмыс істейтін педагогтерге оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, оқу кестесін ескере отырып, екі демалыс күнімен – сенбі, жексенбі бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

13. Педагогтер үшін демалыс және жұмыс істемейтін мереке күндері оқу жүктемесі мен оқу сабактарының ауысым кестесін ескере отырып, білім беру үйымының жұмыс режиміне байланысты белгіленеді.

Білім алушылардың тәулік бойы болуы және белгілі бір уақыт, маусым ішінде болуы көзделген білім беру үйымдарының педагогтері үшін білім беру үйымдарының үлгілері мен түрлеріне, оқу сабактарының ауысымдылығына және жұмыс кестесіне байланысты кемінде 12 сағат көлемде ауысымаралық демалыс беруді ескере отырып, жұмыс уақыты белгіленеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.09.2022 № 410 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Педагогтер үшін оқу (сабактар) арасындағы үзіліс кезінде білім алушылармен бір мезгілде демалыс және тамақтану уақыты Білім беру үйымының ішкі тәртіптемесі қағидаларымен айқындалады.

15. Төтенше жағдайлар режимі туындаған кезде педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі төтенше жағдайлар режимін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалады.

